Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10 - 01.11.24ж.
Дәйек сөз: «Отанды сүю-отбасынан басталады»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаш Көк тырна, көк тырна, Тыраулап тек көп тұрма.			Тақпақтар Ең даласын егін жапқан, Бар баласы бақыт тапқан. Менің жерім, туған елім Күн сәулелі Қазақстан!	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Жыл құстары» Мақсаты: «Жыл құстары» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: Ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, л-л-жыл, жы-жы-жылы Сөздік қор: : құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш, көгершін, торғай, қарға, құст. б. Тілдің грамматикалық құрлымы: . «Бейтаныс әріп» ойыны. Хормен бірге қайталайды, әткеншек, әдемі, әтеш – қандай дыбыс сендерге таныс ? «Ә» - дыбысын хормен қайталап, айтады. «айтылуын айтып түсіндіру және ойын жаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Құстардың суреттеріне қарап, аттарын қайталау. Сөйлем құрау: мынау – аққу. Аққу – ақ, үлкен, мынау – қаз. қаз – сұр түсті. - мынау – аққу. Аққу – ақ түсті. - мынау – қарлығаш. Қарлығаш – қара ала, құйрығы айыр», - деп жеке - жеке айтады. Сергіту сәті. Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! «Ерке» «Гүлдер» ересек топ «Жыл құстары»			«Ерке» мектепалды топ «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Құстар туралы балалар өз ой-пікірлерін айта білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: Ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, о-о-дос, л-л-жыл, Сөздік қор: : құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш, көгершін, торғай, қарға, құс т. б. Тілдің грамматикалық құрлымы: . «Тыңда, қайтала» ойыны. Құстар атын хормен бірге қайталайды. Ойын жаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Құстардың суреттеріне қарап, аттарын қайталау. Сөйлем құрап сөйлеуге дағдыландыру Сергіту сәті. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым, Жарқырыған күнге! «Балапан» ортаңғы топ «Құстар» Мақсаты: «Жыл құстары» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: Ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, л-л-жыл, жы-жы-жылы	

	Мақсаты: «Жыл құстары» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: ұ-ұ –құс, ұ-ұ – ұя, л-л-жыл, жы-жы-жылы Сөздік қор: : құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш,көгершін, торғай, қарға,құст.б. Тілдің граматикалық құрлымы: . «Бейтаныс әріп» ойыны. Хормен бірге қайталайды, әткеншек,әдемі, әтеш – қандай дыбыс сендерге таныс ?«Ә» - дыбысын хормен қайталап, айтады. «айтылуын айтып түсіндіру және ойын жаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету.. Байланыстырып сөйлеу. Құстардың суреттеріне қарап, атауларын қайталау.Сөйлем құрау: мынау – аққу. Аққу – ақ, үлкен, мынау – қаз. құйрығы айыр», - деп жеке - жеке айтады. Сергіту сәті. Кел балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!			Сөздік қор: : құс, жыл құстары, құстар, аққу, қаз, қарлығаш,көгершін, торғай, қарға,құс т.б. Тілдің граматикалық құрлымы: . «Тында, қайтала» ойыны. Құстар атын хормен бірге қайталайды. Ойын жаттығуларында дұрыс айта алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Құстардың суреттеріне қарап, аттарын қайталау.Сөйлем құрап сөйлеуге дағдыландыру Сергіту сәті. Күй күмбірі:» « Көңілтолқыны»	
Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диалогтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)	Үнтаспадан құстардың даусын тыңдатып, қандай құстар екенін тани білуге үйрету . (ересек топ) Ұлттық ойын: «Ақсерек пен Көксерек» Мақсаты: балаларды тез қимылдауға, жылдамдыққа баулу. (Барлық топ) Сөздік минимум:құстар, жыл құстары, аққу, қаз, торғай, қарға қарлығаш,көгершін, т.б. (Мектепалды топ)			Сөздік минимум: құстар, жыл құстары, аққу, қаз, торғай, қарға қарлығаш,көгершін, т.б. (ортаңғы топ) «Жыл құстары» (Мектеп алды топ)	

Әдіскер: 

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.11 - 08.11.24ж.

Дәйек сөз: «Әділ заң – аспан тірегі»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мақал-мәтел Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.			Тақпақтар Қолға қалам алайын, Қанша сан бар жазайық. Қарап тұрмай сандарды, Қайта-қайта санайық.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Сандар» Мақсаты:Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән Ө, Ә дыбыстарын анық айтуға дағдылану: ан-ан-сан, ра-ра-тура, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, ке-ке-кәрзеңке, әл-әл-сандар әлемі Сөздік қор: сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал, сандар әлемі Тілдің грамматикалық құрлымы: «Қай сан жоқ?» дидактикалық ойын. Мақсаты: Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу. Келесі жолдағы кедергі - жоғалған сандар қатары. Тақтада белгілі бір саны жоғалған қатар беріледі. Сол қатардағы санды тауып, сол санның көршілері аталуы керек. Қане балалар 1ден-5ке дейін тура, содан соң кері санайық. Байланыстырып сөйлеу. «Қызықты пиктограмма». Бұл – белгісіз таңбалар мен сандар. Бұларды тиісті орнына қойып оқығанда сөйлем шығады. Мысалы: Менде бір алма бар.Содан соң балалар берілген ойыншықтар мен сандар арқылы өздері сөйлем құрастырып, айтулары керек (бұл тапсырма түрі текшелер арқылы да орындалады). Сергіту сәті. «Санау әні» Екі аяқпен жүремін. Екі көзбен көремін. Екі қолым бар менің. Екеу құлақ білемін. «Ерке» «Гүлдер» ересек топ			«Ерке» мектепалды топ «Санаймыз жаңылмай, санаймыз қалдырмай» Мақсаты: Сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолданып санай білуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән Ө, Ә дыбыстарын анық айтуға дағдылану: ан-ан-сан, ра-ра-тура, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, кәр-кәр-кәрзеңке, әл-әл-сандар әлемі Сөздік қор: сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал. Тілдің грамматикалық құрлымы: «Пішіндерде не пайда болды?» дидактикалық ойын. Мақсаты:бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. - Сәлеметсіздер ме! - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? - Қазір қандай ай? -Дұрыс Қараша айы күз мезгілінің соңғы айы. 2. «Ғажайып сәт». -Балалар, бүгін біздер «Сандар әлеміне» саяхатқа барамыз Балалар, алдымен, сандарды есімізге түсірейік. Сергіту сәті: Қолға қалам алайын, Қанша сан бар жазайық. Қарап тұрмай сандарды, Қайта-қайта санайық. «Балапан» ортаңғы топ «Сандар» Мақсаты:сөздерді,сандарды дұрыс айта білуге үйрету. Сәлеметсіз бе!	

	«Сандар» Мақсаты:Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән Ө, Ә дыбыстарын анық айтуға дағдылану: ан-ан-сан, ра-ра-тура, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, ке-ке-кәрзеңке, әл-әл-сандар әлемі Сөздік қор: сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал, сандар әлемі Тілдің граматикалық құрлымы: «Қай сан жоқ?» дидактикалық ойын. Мақсаты: Зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдана білуге баулу. Тақтада белгілі бір саны жоғалған қатар беріледі. Сол қатардағы санды тауып, сол санның көршілері аталуы керек. Байланыстырып сөйлеу. «Қызықты пиктограмма». Бұл – белгісіз таңбалар мен сандар. Бұларды тиісті орнына қойып оқығанда сөйлем шығады. Мысалы: Менде бір алма бар.Содан соң балалар берілген ойыншықтар мен сандар арқылы өздері сөй-лем құрастырып, айтулары керек (бұл тапсырма түрі текшелер арқылы да орындалады). Сергіту сәті. «Санау әні» Үйімде бар үш қалам, Үшеуінде ұштағам. Үш досымды салдым мен, Үш балыққа ұқсаған.			-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Қараңыздаршы күз мезгілі жемістері мен көкөністерін себетке жинасын деп біздерге тапсырма беріпті, көмектесесіңдер ме? Балалар себетке көкөністер мен жеміс жидектерді жинағанда, оларды санап салайық. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: і-і-бір, е-е-екі, ү-ү-үш,ө-ө-төрт,бе-бе-бес, ан-ан-сан, тө-тө-төрт, ал-ал-амал, су-су-қосу, лу-лу-алу, бө-бө-бөлу, кө-кө-көбейту, ке-ке-кәрзеңке. Сөздік қор: сан, сандар, санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал. Тілдің граматикалық құрлымы: Дидакт.ойын: «Үлкен, кіші» Мақсаты: заттардың өлшемін (үлкен, кіші) атайды, кіші заттармен үлкен заттарды санайды. Байланыстырып сөйлеу. Үлестірмелі материалдар- мен жұмыс. Сандарды атап айтқанда қазақ тілінде дұрыс атап айтуға дағдыланады Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды. Сергіту сәті. «Санау әні» Екі аяқпен жүремін. Екі көзбен көремін. Екі қолым бар менің. Екеу құлақ білемін	
Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум, дидактикалық ойындар, жеке жұмыс, диалогтар, тақпақтар, өлеңдер жаттау)	«Санап көр!» Санамақ-тар үйрету (Мектепалды топ) «Алма бағында» Дидакт. ойын (ересек топ) Ұлттық ойын: Ұлттық ойын: «Асық» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ұлттық асық ойының насихаттау, мергендікке үйрету. (Барлық топ) Сөздік минимум сан ,бір , екі , үш , төрт ,бес , санау. (Мектепалды топ			Сөздік минимум: сан, сандар, тура санау, кері санау, алу, қосу, бөлу, көбейту, амал, сандар әлемі (ортаңғы топ) Күй күмбірі: «Сарыарқа» (Барлық топ)	

Әдіскер: 

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.11. - 15.11.24.

Дәйек сөз: «Ежелден ел тілегі-ер тілегі

Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мақал мәтел Тәні саудың жаны сау. Денсаулық зор байлық. Жұмбақ Бұл не?» 1) Ертемен күнде сен, қолыңды сүйкейсің. Кетіп кір - ласың, тап - таза боласың. Бұл не? (Сабын) 2) Шомылған баланы аймалап алады Сүртеді қолыңды, сүртеді жоныңды. Бұл не? (Сүлгі, орамал)			Мынау менің жүрегім, Бәрі содан басталған Мынау басым ақылды Бәрі осы басқарған Мынау менің оң қолым Мынау менің сол қолым Бар жұмысты атқарған.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Тазалық — денсаулық кепілі». Мақсаты: Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, жаңа сөздерді меңгерту. Сөйлеудің дыбыстық мәдінеті та-та–таза, са-са–сабын, су-су-су сабын, ті-ті- тіс ысқыш, қыш-қыш-ысқыш, көр-көр-көркем, ән-ән-сән Сөздік қор таза, тазалық, сабын, су сабын, ысқыш, тіс ысқыш, тіс пастасы, сүлгі, тарақ, айна. Тілдің грамматикалық құрлымы: Суретпен жұмыс.Балаларды «Тазалық достары» Сурет бойынша <i>тазалық, жуыну,таза,лас</i> сөздермен таныстыру және меңгерту. Көркем сөз: Анау бала, бетін қара.Жуынбапты – ау масқара. Тырнағы өскен, шашы көптен. Алынбапты – ау масқара - Балалар, тазалық, әрқайсымыздың жеке басымыздың тазалығы Біз өзіміздің денсаулығымызды ойлап, аурудан алдын ала қорғануымыз қажет.Дене мүшелерін таза ұстау керек. Байланыстырып сөйлеу. А. Меңжановтың «Тазалықтың досы» өлеңін оқу. Сылдырлайды сылдыр су Мөлдір суға қолыңды жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың Тазалықтың досы Су дегенің осы.			«Ерке» мектепалды топ «Дені саудың-жаны сау» Мақсаты: Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, ережелерді меңгерту Сөйлеудің дыбыстық мәдінеті та-та–таза, са-са–сабын, су-су-су сабын, ті-ті- тіс ысқыш, қыш-қыш-ысқыш, көр-көр-көркем, ән-ән-сән Сөздік қор Тазалық , достары,сабын , су сабын, ысқыш, тіс ысқыш, тіс пастасы , сүлгі тарақ , айна Тілдің грамматикалық құрлымы: «Тазалық үшін не қажет?» дидактикалық ойыны.Мақсаты: артикуляциялық және дауыс аппаратын анық, қалыпты қарқынмен сөйлеуге дамыту. Допты балаларға кезекпен лақтырып, «тазалық үшін не қажет» екенін айтып беру сұралады. Байланыстырып сөйлеу. «Тазалық» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. Мақсаты: үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Беті-қолдысабынмен жуып, тісті тіс	

	Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «сылдырлайды», «қолыңды жуу», «жуынсаң» - деген сөздермен сөздік жұмыс-тарын жүргізу. «Ерке» «Гүлдер» ересек топ «Тазалық — денсаулық кепілі». Мақсаты: Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, жаңа сөздерді меңгерту. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті та-та–таза, са-са–сабын, су-су-су сабын, ті-ті- тіс ысқыш, қыш-қыш-ысқыш, көр-көр-көркем, ән-ән-сән Сөздік қор таза, тазалық, сабын, су сабын, ысқыш, тіс ысқыш, тіс пастасы, сүлгі, тарақ, айна. Тілдің граматикалық құрлымы: Суретпен жұмыс.Балаларды «Тазалық достары» Сурет бойынша <i>тазалық, жуыну,таза,лас</i> сөздемен таныстыру және меңгерту. Көркем сөз: Анау бала, бетін қара.Жуынбапты – ау маскара. Тырнағы өскен, шашы көптен. Алынбапты – ау маскара - Балалар, тазалық, әрқайсымыздың жеке басымыздың тазалығы Біз өзіміздің денсаулығымыз-ды ойлап, аурудан алдын ала қорғануымыз қажет Дене мүшелерін таза ұстау керек. Байланыстырып сөйлеу. А. Меңжановтың «Тазалықтың досы» өлеңін оқу. Сылдырлайды сылдыр су Мөлдір суға қолыңды жу Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің маңдайың Тазалықтың досы. Су дегенің осы. Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттап алу, тақпақ ішіндегі «сылдырлайды», «қолыңды жуу», «жуынсаң» - деген сөздермен сөздік жұмыс-тарын жүргізу.			щёткасымен тазалап отыру керек. Шашты су сабынмен жиі жуып, құлақтың ішін сабынды сумен жуып тұру керек. «Балапан» ортаңғы топ «Тазалық — денсаулық кепілі». Мақсаты: Балаларды жеке басы тазалығын сақтауға үйрету, жаңа сөздерді меңгерту. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: та-та-тарақ,ай-ай-айна, са-са-сабын, ыс-ыс-ысқыш. Сөздік қор: тазалық,сабын, тіс ысқыш, тіс пастасы , сабын су, ысқыш, сүлгі. Тілдің граматикалық құрлымы: Дидактикалық ойын "Дұрыс па? Бұрыс па?" Дене мүшелерінің суреттеріне қарап, «- Мынау – бас. баста – шаш бар.- Мынау – бет.Бетте – көз,қас, мұрын, ерін бар. Байланыстырып сөйлеу. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Мақсаты: сөйлеуге, сөздерді анық айта білуге үйрету Сергіту сәті . Бір-танертен тұр Екі-шынығып бекі Үш-тазала тіс Төрт-бетінді жу Бес-сүртін тез.	
Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диалог-тар,тақпақтар, өлеңдер жаттау)	Сөздік минимум қор таза, тазалық, сабын, су сабын, ысқыш, тіс ысқыш, тіс пастасы, сүлгі, тарақ, айна. (ортаңғы топ) До:« «Тазалық үшін не қажет?» <i>ересек топ</i>			Сөздік минимум: Тазалық , достары, Сабын,, су сабын,тіс ысқыш,, тіс пастасы,, сүлгі , тарақ, айна . (Мектепалды топ)	

Әдіскер: 

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы«Кәусар» жеке бөбекжайы
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.11 - 21.11.24.
Дәйек сөз: «Ежелден ел тілегі-ер тілегі
Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаш Асан бақша жақтан. Ақ сабақ асқабақ әкелді, Басқа жақтан.			Тақпақтар Келді міне Алтын күз, Сары шашты жарқын жүз. Мол өнімді ісімен, Тандандырып, халкын күз.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Түстер» Мақсаты: Сюжетті суреттерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: Қазақ тіліне тән Ө, Ә дыбыстарын анық айтуға дағдылану: кө-кө-көл, өз-өз-көз, ры-ры- сары , үс-үс-түс, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, ко-қо-қоңыр, біз-біз-сәбіз Сөздік қор: түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара. Тілдің граматикалық құрлымы: «Сұрақ-жауап» дидакт.ойыны. Мақсаты: сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдануға баулу. - Мынау не? - Қиярдың түсі қандай? - қияр қайда өседі? Тақтамен жұмыс. Көкөністердің суреттеріне қарап, атауларын, түсін тағы бір қайталау.Сөйлем құрау: мынау – сәбіз. Сәбіз – тоқсары түсті, ол көкөніс.Қызанақ –қызыл түсті, қияр – жасыл түсті. - Жемістердің суреттеріне қарап,«- Мынау – алма. алма – қызыл түсті.Ол жеміс. - Мынау-құлпынай. Құлпынай – қызыл түсті.Ол жидек.Мынау бүлдірген.Ол жидек, күлгін түсті деп жеке - жеке айтады. Байланыстырып сөйлеу. Суретпен жұмыс.Күзгі жапырақтардың суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. - Балалар күз мезгілінде не жинаймыз? «Ерке» «Гүлдер» ересек топ «Түстер» Мақсаты: Сюжетті суреттерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу.			«Ерке» мектепалды топ «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: үс-үс – түс, ры –ры -сары, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, жа-жа-жасыл Сөздік қор: түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара. Тілдің граматикалық құрлымы: «Қоржын» дидакт.ойыны. Мақсаты: Сөздегі ә,ө дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айта алады. Жаңа түстерді дұрыс айтуға дағдыланады. Қоржыннан көкөністер мен жемістердің муляжын бір –бірлеп алып, атауын, түсін атап айтады.Жемістер мен көкөністерді бөлек себеттерге салады. Хормен бірге қайталайды, ік-ік - өрік. Біз-біз—бізде көп сәбіз. «Ә», «Ө» - дыбыстарын хормен қайталап, айту. Байланыстырып сөйлеу. Суретпен жұмыс.Күзгі жапырақтардың суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. «Балапан» ортаңғы топ «Түстер»	.

	Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: Қазақ тіліне тән Ө, Ә дыбыстарын анық айтуға дағдылану: кө-кө-көл, өз-өз-көз, ры-ры- сары , үс-үс-түс, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, қо-қо-қоңыр, біз-біз-сәбіз Сөздік қор: түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара. Тілдің граматикалық құрлымы: «Сұрақ-жауап» дидакт.ойыны. Мақсаты: сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сөздерді дұрыс қолдануға баулу. - Мынау не? - Қиярдың түсі қандай? - қияр қайда өседі? Тақтамен жұмыс. Көкөністердің суреттеріне қарап, атауларын, түсін тағы бір қайталау.Сөйлем құрау: мынау – сәбіз. Сәбіз – тоқсары түсті, ол көкөніс.Қызанақ –қызыл түсті, қияр – жасыл түсті. - Жемістердің суреттеріне қарап,«- Мынау – алма. алма – қызыл түсті.Ол жеміс.Мынау-құлпынай. Құлпынай – қызыл түсті.Ол жидек.Мынау бүлдірген.Ол жидек, күлгін түсті деп жеке - жеке айтады. Байланыстырып сөйлеу. Суретпен жұмыс.Күзгі жапырақтардың суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. - Балалар күз мезгілінде не жинаймыз? Сергіту сәті. Қызыл,сары,жасыл,көк Түстерді біз білеміз, Сары күн, көк аспан, Қызыл гүл, жасыл шөп. Ауада суретін саламыз, Ойнаймыз,демаламыз. Өлең мазмұнына сәйкес қимыл–қозғалыс жасату тәсілі арқылы өлеңді жаттау.			Мақсаты: Балалардың қоршаған ортаға қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті: ры-ры- сары , үс-үс-түс, қы-қы-қызыл, тоқ-тоқ-тоқсары, қо-қо-қоңыр Сөздік қор: түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара. Тілдің граматикалық құрлымы: Балаларға қорапты көрсетіп: Қорапта не бар екенін білгілерің келе ме?» Кезекпен қораптан балаларға жапырақтарды алдырып, түстерді қайталатып, түстермен таныстырды. -Мынау-сары жапырақ. - Мынау-қызыл жапырақ. -Мынау-қоңыр жапырақ. -Мынау-тоқсары жапырақ. Байланыстырып сөйлеу. «Дұрыс көрсет» ойынын ұйымдастырады балаларға жапырақтарды таратып беріп, түстерді дұрыс атап айтуға дағдыланады.Жапырақ-тардың түсін қайталап айту арқылы жаңа сөздерді қайталайды. Заттардың өлшемін (кішкентай, үлкен) атайды.	
Балалармен күнделіктіжұмыс (сөздік минимум, дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диалогтар, тақпақтар, өлеңдер жаттау)	<i>Дәл:«Туісті орнын тап» ересек топ</i> Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ұлттық бас киімімен таныстыру, ұқыптылыққа үйрету. <i>(Барлық топ)</i> Сөздік минимум: түс, қызыл, сары, тоқ сары, жасыл, күлгін, ақ. (Мектепалды топ)			«Күзгі жапырақтар»Күз бейнесі суретін салу. (Мектепалды топ) Сөздік минимум: түс, түстер, сары, қызыл, тоқсары, жа-сыл,қоңыр, ақ, қара.(ортаңғы топ)	

Әдіскер:
 

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.11. - 29.11.24.

Дәйек сөз: «Ежелден ел тілегі-ер тілегі

Адал ұл ер боп туса-ел тірегі!» (Б.Момышұлы)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мобильді кітапхана Тақпақ Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да			Жұмбақ Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі)	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ Табиғат әлемі» Мақсаты: Балалардың қоршаған табиғат әлеміне өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті Ө, Қ дыбыстарын анық айтуға үйрету. Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау ағаш, Ас-ас-ас мынау тас, У-у-у –сылдырлайды су, ян-ян-қоян, ке-ке-өлке Сөздік қор: табиғат, тас, су, әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман Тілдің грамматикалық құрлымы: .« Туған өлкенің табиғаты» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Балаларды хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. Сұрақ-жауап: Орман, саяхат, өзен, көл т.б. тақырыптарда. Орманда, тауда, жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Байланыстырып сөйлеу. «Ғажайып сәт». -Балалар, бүгін біздер «Табиғат әлеміне» саяхатқа барамыз. Табиғат суреттеріне қарап, табиғаттың тамаша көріністерін әңгімелеп, сұрақтар қойылады Сергіту сәті. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз Біз әдепті баламыз			«Ерке» мектепалды топ « Туған өлкенің табиғаты» Мақсаты: Балалардың өзінің қоршаған табиғат әлемін тани білуге үйрете отырып, ой-пікірін айта білуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау ағаш, Ас-ас-ас мынау тас, У-у-у –сылдырлайды су, ян-ян-қоян, ке-ке-өлке, Сөздік қор: табиғат, тас, су, әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман Тілдің грамматикалық құрлымы: « Туған өлкенің табиғаты» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Балаларды хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлем-дермен жауап беруге баулу. Сұрақ-жауап: Орманда, тау-да, жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Жауап: 1.Жеміс-жидекті жумай жеуге болмайды? 2.Отпен ойнауға болмайды? 3.Жыланның, кененің шағыуынан сақ болу 4.Үлкендермен бірге жүру, жалғыз жүрмеу керек. 5.Саңырауқұлақ, жеміс-жидекті жемеу. 8. Серуенде жүргенде үлкендерден алыс кетпеу. Байланыстырып сөйлеу. «Кім көп біледі?» (Доп арқылы) Мақсаты: Табиғатқа, қоршаған ортаға	

	«Ерке» «Гүлдер» ересек топ Табиғат әлемі» Мақсаты: Балалардың қоршаған табиғат әлеміне өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті Ө, Қ дыбыстарын анық айтуға үйрету. Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау ағаш, Ас-ас-ас мынау тас, У-у-у –сылдырлайды су, ян-ян-қоян, , ке-ке-өлке, Сөздік қор: табиғат,тас, су,әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман Тілдің граматикалық құрлымы: .« Туған өлкенің табиғаты» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Балаларды хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу. Сұрақ-жауап: Орман,саяхат,өзен,көл т.б. тақырыптарда. Орманда,тауда,жалпы табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Байланыстырып сөйлеу. «Ғажайып сәт». -Балалар, бүгін біздер «Табиғат әлеміне» саяхатқа барамыз. Табиғат суреттеріне қарап, табиғаттың тамаша көріністерін әңгімелеп, сұрақтар қойылады Сергіту сәті. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз			байланысты сөйлемдер құрап сөйлеуге үйрету. Сергіту сәті. Алтын, сары, қызыл, көк.. Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап «Балапан» ортаңғы топ Табиғат әлемі» Мақсаты: Балалардың қоршаған табиғат әлеміне өзінің қарым-қатынасын білдіруге, сөйлеуге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдинеті Ат-ат-ат- мынау табиғат, Аш-аш-аш-мынау ағаш, Ас-ас-ас мынау тас, ян-ян-қоян, ке-ке-өлке Сөздік қор табиғат,тас, су,әлем, қоян, ғажайып, саяхат, туған өлке, өзен, көл, су, орман Тілдің граматикалық құрлымы: « Табиғатқа саяхат» тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты: Балаларды табиғат деген сөзді түсіне білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. «Кім біледі?» (Доп арқылы) Мақсаты:Табиғатқа,қоршаған ортаға байланысты сұрақтарға жауап бере білуге үйрету, сөздік қорын дамыту.	
Балалармен күнделікті жұмыс(сөздік минимум,дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диалогтар, тақпақтар,өлеңдер жаттау)	Сөздік минимум: сөздік қорын дамыту. Табиғат туралы тақпақтар жаттау (мұғалімнің көмегімен) Дю«Кім көп біледі?» ересек топ Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ұлттық бас киімімен таныстыру, ұқыптылыққа үйрету. (Барлық топ) Сөздік минимум табиғат, тас, су,әлем, қоян, саяха, туған өлке, өзен, көл, орман. Мектепалды топ)			Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. (Мектепалды топ)	

Әдіскер:
 

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.12 - 06.12.24ж.

Дәйек сөз: «Бірлігі күшті ел озады» .

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өнегелі 15 мин. Ата-аналарға «Бала тәрбиесі – ортақ іс» Интернет ресурстарымен жұмыс			Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Алақай қыс келді» Мақсаты: Сөзді мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу . Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Мақсаты: орнын анықтау. Қ, Ү дыбыстарын анық айтуға үйрету. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шанғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс, үн-үн-күн, Сөздік қор: қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик, шана-санки, шаңғы-лыжи Тілдің грамматикалық құрылымы: Қыс қызығы суреттері. Мақсаты: Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау. Суретке қарап сұраққа жауап береді. Мысалы: - Қазір қандай мезгіл?- Қазір қандай ай? - Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Қар жауады -Қыста ҚР-ның тәуелсіздігі және Жаңа жыл мерекелері болады. -Желтоқсан, қаңтар, ақпан.- Балалар қыс мезгілінде қалай ойнаймыз? Байланыстырып сөйлеу: «Аққала» ойыны. Тақтаның бетіне қиылып жабыстырылған,ақ-қаланың жетіспейтін бөлігін тауып, жабыстыру, әңгімелеу. Күй күмбірі: Көңіл толқыны Сергіту сәті: Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! «Ерке» «Гүлдер» ересек топ «Алақай қыс келді» Мақсаты: Сөзді мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу . Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-			«Ерке» мектепалды топ «Қысқы ойындар» Мақсаты: Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздегі дыбыстар орнын анықтау. Қ, Ө дыбыстарын анық айтуға үйрету. ыс-ыс-ыс келді қыс, ар-ар-ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шанғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс Сөздік қор: қыс-зима, қар-снег, аққала-снеговик, шана- санки, шаңғы-лыжи, желтоқсан-декабрь, қаңтар-январь, ақпан-февраль. Тілдің грамматикалық құрылымы: . «Қысқы ойындар» Әңгімелесу, сұрақ-жауап. Мақсаты: Интонациясы бойынша сөйлем-дерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: «Сұрақ- жауап» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді қолдана отырып, сөйлеуге баулу.Жұмбақтар шешу. Шанамен зырғып желетін,Шаңғы, коньки тебетін.Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың! Күй күмбірі: Адай Сергіту сәті: «Балапан» ортаңғы топ «Алақай қыс келді» Мақсаты: Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.	

	ар жауды қар, ақ-ақ-ақ- аппақ, ыс-ыс-ыс-келіп жетті қыс, қа-қа-қа-аққала, на-на-на-шана, ғы-ғы-ғы-шаңғы, үн-үн-күн, ыс-ыс-ыс келді қыс, үн-үн-күн, Сөздік қор: қыс , қар , аққала , шана , шаңғы Тілдің грамматикалық құрылымы: Қыс қызығы суреттері. Мақсаты: Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау. Суретке қарап сұраққа жауап береді. Байланыстырып сөйлеу: «Сұрақ- жауап» дидактикалық ойыны.Мақсаты: сөздік қорды дамыту.Шанамен зырғып желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтың,Қай мезгіл деп ойлайсың! -Қыста не жауады. - Қар қандай? -Балалар не теуіп жүр? Күй күмбірі: Көңіл толқыны Сергіту сәті:			Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: : Мақсаты: Тілдік және артикуляция-лық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.-ақ-ақ-ақ- аппақ -қа-қа-қа-аққала-на-на-на-шана-ғы-ғы-ғы-шаңғы Сөздік қор: қыс , қар, аққала, шана , шаңғы Тілдің грамматикалық құрылымы: Қыс қызығы суреттері. Мақсаты: Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау.Суретке қарап сұраққа жауап береді. Байланыстырып сөйлеу: Суретпен жұмыс.Қыс қызығы суреттері. Түстерін атайды.Суретке қарап сұраққа жауап береді. Жаңа сөздерден жай сөйлемдер құрау. Күй күмбірі: Көңіл толқыны Сергіту сәті.	
Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс, диалогтар	Ұлттық ойын: «Ақсерек пен Көксерек» Мақсаты: балалар қарым-қатынасын дамыту. (Барлық топ) Сөздік минимум: қыс, қар, аққала, шан, шаңғы, желтоқсан, қаңтар, ақпан (Мектепалды топ)			Сөздік минимум : қыс , қар , аққала , шана , шаңғы (ортаңғы топ) Жұмбақ Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады (қар). (Ересек топ)	

Әдіскер:



**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

«Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.12. – 13. 12. 2024.

Дәйек сөз: «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Интернет ресурстарымен жұмыс			Мақал Отансыз адам, ормансыз бұлбұл – Человек без Родины, соловей без леса. Өнегелі 15 мин. Ата-аналарға «Туыспыз біз бәріміз».	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ерке» мектепалды топ «Менің Қазақстаным» Мақсаты: берілген сұрақтарға толық жауап беруге, ой-пікірін айтуға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға үйрету. Сөздік қор: тәуелсіз , көпұлтты,Қазақстан, Отан, қала, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер. Тілдің грамматикалық құрылымы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты:сөзтіркестерімен таныстыру және меңгерту.Балалар картаға мұғаліммен бірге саяхатқа шығады. Суреттерді тамашалайды ҚР картасына саяхат .Қазақстан –егеменді ел. Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. -Қазақстан- көп ұлтты мемлекет Астана-бас қала. Байланыстырып сөйлеу: Дидактикалық ойын "Кім көп біледі"-Қазақстан Республикасының әнұраны авторлары: Ж.Нәжімеденов, Ш. Қалдаяқов,Н.Ә.Назарбаев. ҚР туының түсі ашық көк, Тудың авторы:Шакен Ниязбеков. Мемлекеттік елтаңба авторлары: Ж.Мәлібеков, Ш.Уалиханов. Күй күмбірі: «Адай» Сергіту сәті «Ерке» «Гүлдер» ересек топ Менің Қазақстаным»			«Ерке» «мектепалды топ «Қазақстан рәміздері» Мақсаты: сөйлем құрап сөйлеуге үйрету. Кел, достарым келіндер,Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.ҚР әнұраның айтқызып, сұрақтар қою. -Балалар, біз қандай елде тұрамыз? -Қай қалада тұрамыз?-Отан деген не? ҚР туралы мәлімет беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ дыбыстарын анық айтуға үйрету. Сөздік қор: тәуелсіз , көпұлтты,Қазақстан, Отан, қала, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер. Тілдің грамматикалық құрылымы: Мақсаты: Ой-пікірін айтуға дағдыландыру. «Қазақстан –тәуелсіз,егеменді ел» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру. Байланыстырып сөйлеу: Дидакт. ойын..«Қазақстан –тәуелсіз, егеменді ел». Сөйлем құрау Бас қаламыз Астана. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет, тәуелсіз, егеменді, көп ұлтты, Қазақстан, ел, Отан, бас қала, Астана, ұлт, мемлекет, рәміздер Сергіту сәті . Күй күмбірі: «Балбырауын» «Балапан» ортаңғы топ .	

	Мақсаты: берілген сұрақтарға толық жауап беруге, ой-пікірін айтуға дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ дыбыстарын анық айтуға үйрету. Сөздік қор: тәуелсіз-независимый, көпұлтты-многонациональный, Қазақстан, ел-страна, Отан-Родина, қала-город, Астана, ұлт-нация, мемлекет-государства, рәміздер-символы Тілдің грамматикалық құрылымы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты:сөзтіркестерімен таныстыру және меңгерту. ҚРқартасына саяхат.- Қазақстан –егеменді ел.-Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет-Астана-бас қала. Байланыстырып сөйлеу: Дидактикалық ойын "Керісінше ата" Карточкамен жұмыс. ,Қазақстан,қала. – қандай дыбыс сендерге таныс емес?«Қ» дыбысын хормен қайталап, айтуға «Қ»дыбысының айтылуын айтып түсіндіру Күй күмбірі: «Адай» Сергіту сәті			«Менің Қазақстаным» Мақсаты: берілген сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ө, Қ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға үйрету. Сөздік қор: тәуелсіз , көпұлтты,Қазақстан, Отан, қала. Тілдің грамматикалық құрылымы: Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Мақсаты:Көрнекіліктермен түсініктерін дамыту.Суреттер арқылы жаңа сөздерді қайталайды. «Байланыстырып сөйлеу: Дамыту о/ны: «Домино». Мақсаты :. Өз Отаны, қаласы, астанасы туралы дұрыс айту Сергіту сәті . Күй күмбірі: «Адай»	
Балалармен күнделікті жұмыс (сөздік минимум, Дидактикалық ойындар,жеке жұмыс,диалог. тақпақтар,өлең	Туыспыз біз бәріміз, Біз Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз. (Е.Елубаев) (Ересек топ Ұлттық ойын. «Ханталапай?» ойыны. Мақсаты: қарапайым қарым-қатынас дағдыла- рын қалыптастыру; (Барлық топ) Сөздік минимум: тәуелсіз-независимый, көпұлтты-многонациональный, Қазақстан, ел-страна, Отан-Родина, қала-город, Астана, ұлт-нация, мемлекет-государства, рәміздер- символы (Мектепалды топ))			Сөздік минимум тәуелсіз,Қазақстан, ел, Отан, қала, Астана, мемлекет, рәміздер. (ортаңғы топ)	

Әдіскер:



**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу мен оқытуды
жоспарлау циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Кәусар» жеке бөбекжайы

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.12 - 20.12.24.

Дәйек сөз: «Бірлік болмай, тірлік болмас».

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Өнегелі 15 мин. Ата-аналарға«Қамқорлық Жұмбақ Аппақ, суық, үлпілдек, Жалт–жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. Ол не? (Қар)			Тақпақ Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады-қатады, Жып жылтыр боп жатады.	
